

С. Б. Ержанова<sup>1</sup>, Қ. Қ. Байдетова<sup>1</sup>

<sup>1</sup>Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,  
Қазақстан, Алматы қ.

## АРХЕТИПТИҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ФИЛОЛОГИЯЛЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ

### Аңдатпа

Мақаламызда архетип ұғымының пайда болу тарихы, зерттелуіне назар аударып, архетиптік сюжет, мотив, ұғымдарын саралап, оның әдебиеттегі, мифологиядағы, психологиядағы, мәдениеттегі орнына тоқталдық. Әсіресе, архетип терминін ғылымға енгізген, оны психологиялық, философиялық, мәдениеттік қырынан зерттеген швейцарлық психолог ғалым К. Г. Юнгтің еңбегіне ерекше назар аудардық. Юнг көрсеткен архетиптік алғашқы образдарды атап өтіп, "ұжымдық бейсаналылық" ұғымының архетиптегі алар орнына мән беріп, анализ жасадық. Одан өзге зерттеушілерден Мелетенский, Большакованың филологиялық зерттеулерінің ғылыми маңызын айқындадық. Орыс ғалымы Мелетенскийдің енгізген архетиптік сюжет, архетиптік мотив ұғымдарына анықтама беріліп, мифологиядағы алғашқы архетиптік мотивтерге жеке тоқталып, мысалдар келтірілді. Миф және архетип ұғымдарының әдебиетте алар орнына ғалымдар негіздемелерін келтіре отырып талдау жасадық. Қазіргі қазақ әдебиетіндегі жазушыларымыздың да шығармаларында мифтік сарынның белең алуы архетип ұғымын жете зерттеуді талап етеді. Қай заманда болмасын әдебиет өзінің түп тамыры – мифтен бөлініп кете алмайды. Архетип мифологиямен біте қайнасып жатқандықтан, бұл тақырыптың маңыздылығы бүгінгі таңда өте жоғары деп санаймыз.

**Түйінді сөздер:** архетип, ұжымдық бейсаналылық, архетиптік сюжет, архетиптік мотив, миф, мифология, алғашқы бейне

S. B. Yerzhanova<sup>1</sup>, K. K. Baidetova<sup>1</sup>

<sup>1</sup>Al-Farabi Kazakh National University, Kazakhstan, Almaty

## PSYCHOLOGICAL AND PHILOLOGICAL ASPECTS OF THE ARCHETYPE

### Abstract

In our article, we paid attention to the history of the concept of archetype, studied and analyzed the concepts of archetypal plot, motive, and stopped at its place in literature, mythology, psychology, and culture. We paid special attention to the work of the Swiss scientist-psychologist C. G. Jung, who introduced the term archetype into science and studied it in psychological, philosophical, and cultural aspects. Having identified the first archetypal images shown by Jung, we made an analysis, giving importance to the role of the concept of "collective unconscious" in the archetype. In addition, we determined the scientific significance of philological research. The concepts of archetypal plot and archetypal motif introduced by the Russian scientist Meletensky were defined, and examples of archetypal motifs and plots in mythology were given. We have analyzed the concepts of myth and archetype, citing the scientific justifications in the literature. The development of the mythical motif in the works of modern Kazakh writers requires a detailed study of the concept of archetype. At all times, literature cannot separate itself from its original source – myth. Since the Archetype is closely related to mythology, we believe that the importance of this topic is very high today.

**Keywords:** archetype, collective unconscious, archetypal plot, archetypal motif, myth, mythology, first image

С. Б. Ержанова<sup>1</sup>, Қ. Қ. Байдетова<sup>1</sup>

<sup>1</sup>Казахский национальный университет им. аль-Фараби, Казахстан, г.Алматы

## ПСИХОЛОГИЧЕСКИЕ И ФИЛОЛОГИЧЕСКИЕ АСПЕКТЫ АРХЕТИПА

### Аннотация

В нашей статье мы обратили внимание на историю понятия архетипа, изучили и проанализировали понятия архетипического сюжета, мотива и остановились на его месте в литературе, мифологии, психологии и культуре. Особое внимание мы уделили работе

швейцарского ученого-психолога К. Г. Юнга, который ввел термин архетип в науку и изучал его в психологическом, философском и культурном аспектах. Выявив первые архетипические образы, показанные Юнгом, мы провели анализ, придавая большое значение роли понятия "коллективное бессознательное" в архетипе. Кроме того, обосновав труды российских ученых, мы определили научное значение филологических исследований. Даны определения концепциям архетипического сюжета, архетипического мотива, введенным русским ученым Мелетенским, приведены примеры архетипических мотивов, сюжетов в мифологии. Провели анализ понятий Миф и архетип, приведя в литературе обоснования ученых. Развитие мифического мотива в творчестве современных казахских писателей требует детального изучения понятия архетипа. Литература во все времена не может отделить себя от своего первоисточника – мифа. Поскольку архетип тесно связан с мифологией, мы считаем, что важность этой темы сегодня очень высока.

**Ключевые слова:** архетип, коллективное бессознательное, архетипический сюжет, архетипический мотив, миф, мифология, первый образ

Адамзат әлемінде кез келген заттың, нәрсенің өз шығу түп төркіні, алғашқы негізі болатыны белгілі. Әр нәрсенің дүниеде өз атауы болатыны секілді алғашқы түп-төркіндік мағынаның ғылымда өзіне тән атауы, алатын орны бар. Архетип сөзінің шығу төркіні (грекше arche - бастау, tyros – бейне) бастапқы түп бейне, алғашқы үлгі деген мағынаны білдіреді. Архетип ұғымын ХХ ғасырда ғылымға алғаш енгізген шведтің психолог ғалымы К.Г. Юнг болды. Юнг бұл терминнің негізін қалауда Филон Александрский, Дионис Ариопагит және Платон мен Августин еңбектеріне сүйенген [1]. Юнг архетип ұғымын психологизмнің аналитикалық түрі деп қарастырады. Ғалым бұл терминнің негізін салмас бұрын, 1912 жылы адам санасында саналы қабаттан тыс бейсаналы қатпарларда түп сананың болатынын байқаған. Кейіннен зерттей келе 1919 жылы «Инстинкт және бейсаналылық» атты еңбегінде алғаш «архетип» терминін қолданады.

Ең алдымен, «Архетип» ұғымына анықтама берейік. К.Г. Юнг оған мынадай анықтама береді: «Адамның психологиялық механикасындағы шығармашылық процесстердің қандай да бір пішіндермен алғашқы бейненің көрінуін, кейінгілерге ауысып әр түрлі символдармен тасымалдануы» [2]. Ғалым архетиптің басты мынадай белгілерін көрсетеді:

- архетип дегеніміздің өзі ұжымдық бейсаналылықтың орын алуы;
- ол туа бітті адамның бойында болады;
- ұрпақтан-ұрпаққа генетикалық жолмен тасымалданады;
- адамның түп саналық қабатында өмір сүріп, шығармашылық шабыт үстінде реакциялы-импульсивке түсіп, іс-әрекетпен көрінеді [2].

Юнгтың айтуынша мәдени архетипте көзге көрінбейтін энергия бар, ол сол арқылы адамды баурап алып, іс-әрекетпен сыртқа танылады. Архетип, ең бірінші, біздің сезімімізге әсер етеді. Бұл тұста біз эмоция мен образдың бір-бірімен қаншалықты тығыз қатынаста екенін көреміз. Егер осы екі элементтің біреуі болмаса, онда архетип те жоқ. Жалғыз ғана образдың болуы – сөзбен суреттелген бейне болады. Эмоциямен қаруланған образ психикалық сананың энергиясын, оның маңыздылығын, динамикалығын білдіреді. Архетип бұл жай ғана атау немесе философиялық ұғым емес - өмірдің өзі. Адамдардағы эмоция мен образдың бірлігінен тұратын өмірдің айрылмас бөлшегі. Юнг архетиптердің жалпылама мынадай пішіндерін ерекше бөліп көрсетеді: Ұлы Ана (Великая Мать), Қарт данышпан (Старый Мудрец), Көлеңке (Тень), Рух (Дух), Анима және Анимус архетиптері.

Архетип ұғымы «ұжымдық бейсаналылықпен» байланысты. Швед ғалымы бұл ұғымның жеке бастылық сипатта емес жалпы қоғамдық сипатта екенін айтып, оны «ұжымдық бейсаналылық» (коллективный бессознательность) деп атайды. Юнг ұжымдық бейсаналылық ұғымын француз элеуметтік мектебінің өкілдері Леви-Брюльдің, Дюркгеймнің «ұжымдық қойылымдары» (коллективное представление), Канттың «априорлы идеялары» (априорными идеями) түсініктерінің негізінде қалыптастырды. Ұжымдық бейсаналылық ұғымы жайлы айтқанда, оның жеке әр индивидтің психологиясында жалпыға ортақ бірізді ойлау мен іс-әрекеттің бірдейлілігі мағынасында екенін айта кету қажет. Ұжымдық бейсаналылық ұғымын әрі қарай дамытушы - юнгиандық зеттеуші психолог Дж. Хендерсон болды. Ол ұжымдық психиканың жеке индивидте қалыптасу жолы сол жеке тұлғаның өзі өмір сүріп отырған қоғамының дәстүрі, салты, өмір сүрген ортасы мен отбасы арасындағы үздіксіз қарым-қатынасынан қатыптасатынын айтады [3]. Ұжымдық архетипті білу арқылы сол халықтың мінез-құлқын, салт-дәстүрін, мәдениетін тануға болады. Яғни ұжымдық бейсаналылық деп - алғашқы образдардан сақталып келген тәжірибелердің кейінгі ұрпаққа ауысып, үнемі қайталанып отыру схемасы деп айтуымызға

болады. Юнгтың бұл ілімін әрі қарай әлемдік мифологияда қарастырған ізбасарлары - Дж. Кэмпбелл, Э. Нойман т.б болды.

Орыс әдебиетінде архетип ұғымының алғашқы үлгілері «алғашқы образ» терминімен ХІХ ғасырда А.А. Потебня, А.Н. Веселеловский еңбектерінде кездесті. ХХ ғасырда архетипті әдебиет пен мифологияның аясында зерттегендер Е. М. Мелетинский, С. Ю. Неклюдов, В. Н. Топоров т.б болды.

Архетиптің әдебиеттегі орны қандай деген сауалға келетін болсақ, бұл ұғымды әдебиеттің аясында зерттеушілік жоқ емес. Әдебиет – өмірдің айнасы болғандықтан, өмірде бар құбылыстың барлығы шығармаға арқау болатыны белгілі. А. Ю. Большакова архетиптің әдебиеттегі көркемдік қызметіне жете тоқталған. Ғалым архетипке мынадай анықтама береді: «архетип дегеніміз - үнемі өмірде және әдебиетте қайтаналанып отыратын характер мен образдар» [4]. Ал осы қайталанып отыратын бағзы образдардың (первобытный) бастауын біз әрине мифологиядан іздейміз. Архетиптің түп тамырының, алғашқы бастауларының үлгілері мифологияда жатыр. Миф – алғашқы қауым адамына тән ойлаудың бірінші бөлінбеген формасы дейтін болсақ, мифологияға оралу арқылы адам санасының алғашқы табиғаттан бөліне қоймаған кезеңін терең саралау арқылы архетиптің түп негізіне, образдарына, схемалар мен мотивтеріне мейлінше жақындай түсеміз. [5]. Архетиптік белгілерді мифологиялық шығармалардан көптеп кездестіреміз. Миф пен архетипті бір-бірінен ажырамас ұғымдар десек те болады.

Мифологиядағы архетиптің әдебиеттегі орнын жан-жақты зерттеген орыс ғалымы Е. М. Мелетинский болды. Юнг архетиптің пішіндік бейнелерін ерекшелеп көрсетсе, Мелетинский архетиптің әдебиеттегі образдық сюжеттеріне, мотивтеріне басты назар аударған. Ғалым архетиптің тұқымқуалаушылық сипатына күмән келтіріп, Юнг енгізген терияға қарама-қарсы анықтама береді: «Архетип дегеніміз - әдеби тілдің бастапқы қорында қалыптасқан алғашқы құрылымдық образдар мен сюжеттер». Яғни Мелетинский архетип ұғымын таза филологияның аясында қарастырады. Ғалым шығармалардағы ең бастапқы элементтердің кейінгі шығармаларға үнемі тасымалданып (трансформация), жаңғырып отыратынын айта келіп, оны сюжетті архетип деп атайды [1].

Әдебиеттің даму сатысында кейбір сарындар үнемі қайталанып, өзгерістерге ұшырап отыруы мүмкін. Алайда мәтіннің астарына тереңдей үңілетін болсақ алғашқы түп бастауды, алғашқы бейнені көре аламыз. Себебі, әдебиеттің қалыптасу жолы түп мифологиядан, фольклордан бастау алатындықтан, шығармадағы мотивтің түп бастауы болған архетипті әдебиеттен бөліп қарастыра алмаймыз. Заман өткен сайын алғашқы архетиптік сарындар көмескілене түскенімен шығарманы жете зерттеу арқылы архетиптік элементтерді тауып алуымызға болады.

Ғалым Мелетинский архетиптік мотив ұғымына аса мән беріп, алғашқы түп бейнелер мен схемаларды мифологиядағы сюжеттерден табады. Мысалыға мифтағы, ертегілердегі, эпостардағы рыцарлық романдардағы қаһарманның құбыжықпен (демон) шайқасқа түсу әрекетін алайық. Мифологиялық, фольклорлық шығармалардағы қаһарманның шайқасқа түсудегі басты мақсаты: өзінің Отанын, отбасын, қоғамын әр түрлі әділетсіздіктерден, қиыншылықтардан құтқару. Сол жолда ол өз басын бәйгеге тіге отырып, тартысқа түсуге бекінеді. Қаһарман осы жолда жауларымен айқасқа түсіп, түрлі сынақтардан өтеді. Архаикалық геройлық мифтарда құбыжықтар ең алдымен адамдардың бейбіт өмір сүріп отырған ортасына шабуыл не тұзақ жасап, адамдарын қолға түсіріп, тұтқынға алады. Мұны естіген қаһарман қоғамның мүддесі үшін, әрі өзін таныту үшін күреске шығуға бел байлайды. Ал ертегілерде тұзаққа түскен қаһарман ғажайыптың күшімен алғашқы сынақтан құтылып шығады. Ертегілердегі тартыстар әр түрлі көрінуі мүмкін:

1. Қаһарман туған бауырларын құтқару мақсатында өз еркімен не еркінен тыс ормандағы құбыжықтың (адамжегіш, алып күш иесі т.б) қолына түсіп қалады да өзінің айлакерлігімен, ақылымен қашып құтылады не өлтіріп кетеді;

2. Ханшайымды не қарындасын айдаһардан құтқарып алу үшін шайқас үстінде айдаһарды өлтіріп кетеді. Бұл жерде біз бірнеше архетиптік мотивті кездестіреміз. Бірінші, «батырдың жау қолына қолына түсіп қалуы». Батырдың қарсыластары түрлі мифтік бейнелер (адамжегіш, дию, айдаһар, жын, құбыжық, албасты т. б) болуы мүмкін. Айдаһардың жәбірлеуші адамы көп жағдайда жас қыз, не ханшайым болса, адамжегіш пен диюдің жәбірленушілері тұтқынға қамалған батырдың жақын туыстары (көп жағдайда ер балалар) болады. Ал албастылардың басты нысанасы - кішкентай балалар. Яғни қаһарман айқасқа түспес бұрын қарсыластары қандай да бір мақсатпен (құл қылу үшін, жеу үшін) батырдың туыстарын, сүйген қызын ұрлап кетеді. Оларды құтқару үшін қаһарман қарсыласы құрған тұзаққа өзі кеп түседі. Сол жолда көп айбат шегіп, түрлі сынақтардан өтеді.

Екінші архетиптік мотив «батырдың жау қолынан құтылып шығуы». Қаһарман өзінің айлакерлігінің арқасында қарсыластарынан өз бауырларын, не сүйген жарын құтқарып алып, жауынан қашып не оны өлтіріп құтылады. Көп жағдайда албасты, диюларды батыр алдап, өзіндеріне өздері қол жұмсататындай айла ойлап тауып, не қандай да бір сиқырдың күшімен сытылып шығады. Соңында жеңіске жетеді. Ал айдаһар тұтқынындағы қызды құтқару үшін қаһарман оны өлтіріп қана жеңеді. Кей ертегілерде батыр өзінің ерлігін дәлелдеуіне де тура келеді. Батыр айдаһардың тілін жұлып алып, өзінің ерлігін дәлелдеу мақсатында осындай қиындықтардан өтуі мүмкін. «Батырдың қиындықтардан өту жолы» да ең маңызды архетиптік мотивтердің бірі. Ал енді айдаһардың аузынан қызды құтқарып алған батыр сол қызға не ханшайымға үйлену жолында қыздың әкесі не ағаларының алдында сынаққа түседі. Ең соңында барлық қиыншылықты жеңген қаһарман ханшайымға не «ғажайып қызға» үйленіп, бақытқа жетеді. [1]. Шығармалардағы осындай сюжеттегі мотивтер, дайын құрылымдық формалар алғашқы бастаулардан үзілмей жетіп, бір сарында бір арнаға тоғысады. Әдеби шығармалардағы сюжеттер, образдар уақыт өте келе өзгерістерге түскенімен, түптеп келгенде бір түп негізден таралғандықтан бәрінің түп негізі бір. Бұл мәселеге келгенде біз, әрине, архетип ұғымына келіп тірелеміз.

Біз мақаламызда архетип ұғымының пайда болу тарихына, зерттелуіне назар аударып, архетиптік сюжет, мотив, ұғымдарын саралап, оның әдебиеттегі, мифологиядағы, психологиядағы, мәдениеттегі орнына тоқталдық. Батыс әдебиетінде ерте зерттеле бастаған архетиптік ұғым қазіргі қазақ әдебиетімізде де арагідік зерттеліп жүр. Қазіргі қазақ әдебиетіндегі жазушыларымыздың да шығармаларында мифтік сарынның белең алуы архетип ұғымын жете зерттеуді талап етеді. Осылардың ішінде әдебиетпен байланысын айтқанда біз архетиптік мотив, сюжет, образдардың алғашқы түп бастамасын анықтау жолында мифтік шығармалардың үлкен маңызға ие екенін көреміз. Қай заманда болмасын әдебиет өзінің түп тамыры – мифтен бөлініп кете алмайды. Архетип мифологиямен біте қайнасып жатқандықтан, бұл тақырыптың маңыздылығы бүгінгі таңда өте жоғары деп санаймыз.

*Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:*

1. Meletinskij E. M. *O literaturnyh arhetipah / Rossijskij gosudarstvennyj gumanitarnyj universitet.* — М., 1994. — 136 s. (СНтениа по исторії і теорії кул'туры. Вып. 4).
2. Karl Gustav YUng., E.M. Babosov. *Mysliteli XX stoletiya.* — Mn.: Knizhnyj dom, 2009. — 256 s.
3. Henderson Dzh. *Psiho-logicheskij analiz kul'turnyh ustanovok. 2-e izd. M.: Dobrosvet; KDU. 272 s. S. 149-164.*
4. Bol'shakova. A. YU. *Literaturnyj arhetip // Literaturnaya ucheba.* — 2011. -№6. S. 169-173
5. Қасымжанова А.Н. *Рухани тамырлар // Қазақ.* — Алматы: Білім, 1994. 91 б.